

Түркістан облысы

Түркістан қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 11 сәуір

№ 186

**Тіреу және қоршау конструкцияларын
өзгертуге байланысты, қайта жоспарлау
арқылы реконструкциялау жұмыстарын
жүргізуге рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» туралы Заңының 31, 37-бабына, Қазақстан Республикасындағы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 25 бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 Бұйрығымен бекітілген «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру қағидаларының» 26 тармағына, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 03.04.2025 жылғы KZ70RUA01067862 санды өтінішіне сәйкес, Түркістан қаласы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан қаласы, 032 орам, №5821 мекенжайдан қайта жоспарлау мақсатында тіреу және қоршау конструкцияларын өзгертуге байланысты, қайта жабдықтау арқылы реконструкциялау жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілсін.

2. Жоғарыда аталған құрылыс жүргізу жұмыстарының жобалау-ізденіс құжаттарын дайындау / Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне/ ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Оразбековке жүктелсін.

Қала әкімі



Ә.Пазылбекұлы

Көшірмесі дұрыс:
Б.Сүлейменова

Б.Сүлейменова